

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 212-215.

УДК 332.66

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АЛҚАПТАРЫНЫҢ САПАСЫ МЕН ӨНІМДІЛІГІ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА БАЙЛАНЫС

*Даниярова М.Т. «Кадастр» БББ докторанты
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*


Жерді пайдалану жүйесінің өнімділігі мен тұрақтылығы жер ресурстары, климат және адам әрекеті арасындағы өзара әрекеттесу арқылы анықталады. Әсіресе климаттың өзгеруі мен өзгергіштігі жағдайында биофизикалық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар үшін жерді дұрыс пайдалануды таңдау және жер ресурстарын оңтайлы басқаруды енгізу жердің деградациясын азайту, тозған жерлерді қалпына келтіру, жер ресурстарын (яғни топырақ, су және биоәртүрлілік) тұрақты пайдалануды қамтамасыз ету және максималды тұрақтылық үшін өте маңызды [1].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы болжамына сәйкес, Қазақстанда температураның жоғарылауы, сондай-ақ климаттың өзгеруіне байланысты зиянкестер мен аурулардың кең таралуы өнімділіктің өзгергіштігін күшейтуі мүмкін. Сонымен қатар, елдің оңтүстігіндегі фермалар қар жамылғысының маусымдық еруіне байланысты. Күтілетін жылыну көктемгі жайылымдардың өнімділігін арттырады, алайда жазда және күзде, әсіресе оңтүстіктегі өнімділікті төмендетеді [2].

Ал әлем бойынша ауыл шаруашылығы жүйелерін өзгермелі климаттық жағдайларға бейімдеу қазірдің өзінде жүргізілуде: неғұрлым тиімді технологиялар мен енгізілетін ресурстар таңдалуда – ішінара климаттың өзгеруіне байланысты, бірақ негізінен жаһандық азық-түлік жүйесінің өсіп келе жатқан қажеттіліктеріне байланысты. Тиісінше, жер мен судың өнімділігінің дәстүрлі көрсеткіштерінің маңыздылығы төмендейді, өйткені оны бағалау үшін қазір өндіріс факторларын ескеру қажет. 1 суретте көрсетілгендей, шынында да, ауылшаруашылық жерлерін пайдалану мен суармалы алқаптардың өсуі тоқырап тұрғанына қарамастан, соңғы бірнеше онжылдықта ауыл шаруашылығының жалпы факторлық өнімділігі жыл сайын 2,5 пайызға артып келеді және бұл ауыл шаруашылығы ресурстарын пайдалану тиімділігінің артқанын көрсетеді. Бұл диаграмма 1961-1970 жылдармен салыстырғанда 2011-2010 жылдары бірлік ауданға 4 есе кем ресурс тартылғанын және сонда да бұл уақыт аралығында факторлық өнімділіктің кемінде 3 есе ұлғайғанын көрсетеді. Осылайша, әлемдік ауыл шаруашылығының өсуінің негізгі көзі ретінде ресурстарды пайдалануды

қарқындату тиімділікке ие болды. Осының арқасында ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту және шектеулі табиғи ресурстарды тиімді пайдалану қажеттілігі туралы хабардарлық артты. Ағымдағы сұранысты қанағаттандыру қажеттілігіне байланысты ауыл шаруашылығында өндіріс құралдарын пайдалану күшейе түсті, бірақ осыған байланысты қоршаған ортаға әсер ету осындай деңгейге жетті, бұл бірқатар экологиялық қызметтерге әсер ете бастады және жауап беру тұрғысынан ауыл шаруашылығының мүмкіндіктерін шектеді. Әр түрлі секторлар арасындағы жер және су ресурстары үшін бәсекелестік орасан зор болғандықтан, суармалы алқаптарды кеңейту және жаңа жерлерді ауылшаруашылық санатына ауыстыру мүмкіндігі өте шектеулі [3].

ҚР ауыл шаруашылығы секторы мемлекеттік субсидияларға тәуелді сала болғандықтан, ауыл шаруашылық өнімін өндірушілер көбіне нарыққа белгілі, жоғары бағаланатын дақылдарды және өнімдерді шығаруға тырысады. Алайда, нарықтық қарым-қатынастың дамуы және халық



санының белсенді өсуі ауыл шаруашылығына өзіндік талаптар қоюда. Ал бұл бірінші ретте ауыл шаруашылық алқаптардың сапасына және оларды тиімді пайдалануға тікелей байланысты. Республиканың өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету және импортты алмастыру деңгейі әлі де жеткіліксіз. Бұның себебі - жер қорын тиімсіз пайдаланудың жиі кездесуі. Сондықтан, өңделетін жер учаскелерінің жай-күйі жер ресурстарын сарқылмай пайдалануға тұрақты кепілдік беретін негізгі көрсеткіш болып табылады [4].


1 сурет - 1961-2010 ж. әлемдік ауыл шаруашылығының жалпы факторлық өнімділігінің өсуі, %

Ескерту. Дереккөз: [3]

Ауыл шаруашылығы саласының экономикалық тиімділігіне ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, яғни а/ш тауар құнының ақшаға шаққандағы көрінісі сипаттама бере алады. Қазақстан Республикасындағы 2010-2021


жылдардағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы өндірісінің динамикасы 2 суретте көрсетілген. 2001 жылы берілген көрсеткіш 1 триллион теңгеден 2 есе кем болса, 2011 жылы ҚР ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,7 триллион теңгені құрады. Ал 2021 жылы ол 7,5 триллион теңгеге жетті. Ауыл шаруашылығының негізгі қосалқы салалары өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығын болып табылады, олардың үлесіне сектордың жалпы өнімінің 58,3 пайызы және 41,5 пайызы тиесілі (қалған 0,2 пайыз – ауылшаруашылық қызметтері) [5]. Жалпы өнімнің 20 жыл аралығында 15 есе өскенімен, бұл ауыл шаруашылық саласының өнімділігі арта түскені туралы тікелей дәлел емес. Себебі, 2001 жылғы жалпы өнім құны мен 2021 жылғы жалпы өнім құны арасында бағалардың инфляциялық айырмасы, дүниежүзілік экономиканың ауытқуы және теңгенің құнсыздануы орын алды.

Ауыл шаруашылығы саласының тиімділігі туралы ауылшаруашылық дақылдарының нақтыланған егіс алқабы және жекеленген негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының жалпы жиналымы сияқты көрстекіштерден анықтауға болады. 3 суретте берілген көрсеткіштерді салыстыру арқылы дақылдардың максималды және минималды жалпы жиналымы мен нақтыланған егіс алқабының артуы мен кемуі арасында байланыс елеусіз немесе мүлдем жоқ екені белгілі болды.



2 сурет - Қазақстан Республикасының 2001-2021 ж. ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің динамикасы, млн. теңге

Ескерту. Дереккөз: [5]



3 сурет - ҚР 1991-2021 ж. ауылшаруашылық дақылдарының нақтыланған егіс алқабы және негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының жалпы жиналымы, мың гектар және мың тонна

Ескерту. Дереккөз: [5]

Ауылшаруашылық дақылдарының нақтыланған егіс алқабы бойынша көрсеткіш 1991 жылы 2001 жылмен салыстырғанда 2 есе үлкен болған, кейін бұл көрсеткіш артып, 2021 жылы 22 925,70 мың гектарды құрады. Алайда, дәнді және бұршақты дақылдардың жыл сайын жиналатын көлемі 1991 жылмен салыстырғанда 2011 жылы 2 есе көбейе түсті, келесі жылдары және 2021 жылы оның көрсеткіші 2001 жылдың деңгейінде қалды. Қалған дақылдардың жалпы жиналымы артқанымен, көбеюші халық саны және климаттық жағдайлардың өзгеруі дәнді және бұршақты дақылдардың жалпы жиналымы мен басқа дақылдардың жалпы жиналымы арасындағы айырмашылық туралы ойлануға мәжбүр етеді. Мәселен, көкөністердің және бақша дақылдарының жалпы жиналымының 20 жыл аралығында 4 есе өсуі ауыл шаруашылық алқаптарының жарамдылық деңгейі тұрақты екенін және монодақылдар өсіруден халық арасында сұранысқа ие және қажетті басқа дақылдарды өсіруге көшу мәселесіне көңіл аударады.

Ауыл шаруашылығының тиімділігі жоғарыда айтылған көрсеткіштермен бағаланса, ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдалану тиімділігін ауылшаруашылық дақылдарының түсімділігі арқылы сипатталады. Соңғы жылдары түсімділіктің көрсеткіштері ауытқуы байқалады, ал болжамдар бойынша ауытқулардың көлемі жылдық түсімділіктің 1/3-не дейін баруы мүмкін. Бұл азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіреді.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапасы мен өнімділігі арасында тікелей байланыс бар. Сондықтан дақылдарды отырғызуға жер таңдау және оның жарамдылығын бағалау маңызды болып табылады. Сонымен қатар, жердің жарамдылығын бағалау аймақтағы тұрақты ауылшаруашылық тәжірибелерін ұтымды бағалау үшін маңызды жоспарлау құралы ретінде жұмыс істей алады және ауылшаруашылық жерді пайдалануды жоспарлау кезінде сынақтар мен қателіктердің алдын алады. Демек, жердің жарамдылығын бағалау кез-келген нақты жерді пайдалануды жүзеге асырар алдында да, әсіресе ауылшаруашылық секторында міндетті қадам болуы керек [6].

Осылайша жердің сапасы бойынша көрсеткіштердің анықтылығы және мерзімге сәйкестігі кей кезде қиындық тудырады. Дегенмен, жердің сапасын бағалау және оның қорытындылары ауыл шаруашылығына елеулі пайда әкелуі мүмкін. Жер ресурстарын қалпына келтіруге инвестиция салу экономикалық тұрғыдан тиімді және пайда көбінесе шығындардан әлдеқайда көп. Мысалы, тозған жер ресурстарын қалпына келтіруге жұмсалған әрбір доллар 2021 жылы 7-30 доллар экономикалық пайда әкеледі деп есептелген болатын [7].

Әдебиеттер тізімі

- 1 ELD бастамасы. ELD кампусы. Модуль: жерді тұрақты пайдаланумен салыстырғанда жердің деградациясы. 2019. -URL:www.eld-initiative.org
- 2 ФАО. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығындағы апаттар қаупін азайту жүйесін кешенді талдау. 2022. Будапешт. -URL: <https://doi.org/10.4060/cb8757ru>
- 3 ФАО. Азық-түлік өндірісі мен ауыл шаруашылығына арналған әлемдік жер және су ресурстарының жағдайы. Шекті жүйелер. Жиынтық есеп 2021. 2021. Рим. -URL: <https://doi.org/10.4060/cb7654ru>
- 4 Wu, F.; Mo, C.; Dai, X.; Li, H. Spatial Analysis of Cultivated Land Productivity, Site Condition and Cultivated Land Health at County Scale. Int. J. Environ. Res. Public Health 2022. -№19. 12266. -URL: <https://doi.org/10.3390/ijerph191912266>
- 5 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы, 2022. -URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/publication>
- 6 Chen, S.; Zhang, Q.; Chen, Y.; Zhou, H.; Xiang, Y.; Liu, Z.; Hou, Y. Vegetation Change and Eco-Environmental Quality Evaluation in the Loess Plateau of China from 2000 to 2020 [Text] / Remote Sens. -2023. -№15. -P. 424. <https://doi.org/10.3390/rs15020424>
- 7 БҰҰДБ, 2022 жыл. Шешім қабылдаушыларға арналған түйіндеме. "Жер ресурстары: Дүниежүзілік шолу", екінші басылым. Біріккен Ұлттар Ұйымының шөлейттенуге қарсы конвенциясы, Бон <https://www.unccd.int/resources/global-land-outlook/glo2>

Ғылыми жетекшісі: э.ғ.д., «Кадастр» кафедрасының профессоры Курманова Г.К.